



Тақырып :

Денсаулық сақтауды
жоспарлаудың,
қаржыландырудың қазіргі
кездегі проблемалары.

Денсаулық сақтау
ЭКОНОМИКАСЫ.

Дәрістің мақсаты:

Студенттерді қазіргі кезеңдегі денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру ерекшеліктерімен таныстыру.

Дюджеттік және бюджеттен тыс қаржыландыру тәртібін беру.

Денсаулық сақтау саласы экономикасының негізгі мақсаттарымен таныстыру.

Денсаулық сақтау саласының медициналық әлеуметтік, экономикалық тиімділігі туралы түсініктерін анықтау.

Дәрістің жоспары:

1. Денсаулық сақтауды жоспарлаудың негізгі принциптері.

2. Жоспарлау әдістері.

3. Жоспарлаудың түрлері:

4. Бюджет құрастыру кезеңдері.

5. Экономикалық нәтиже.

6. Қазақстан Республикасы

Президентінің жарлығы бойынша

денсаулық сақтау ісін реформалауға

жіберілген қаржылардың өзгерістері

туралы мәліметтер

Денсаулық сақтау – халық шаруашылығының саласы болып саналады, өндірістен тыс сфераға жатады. Медицина қызметкерлерінің материалдық әл-ауқатын, медицина жәрдемінің сапасын реттеу, денсаулық сақтау жүйелерін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінеді.

**Денсаулық сақтауды
жоспарлау – халыққа емдеу-
сақтандыру жәрдемінің
қажеттілігімен және
мүмкіндік
қанағаттандыруының ара-
қатынасын табу болып
саналады.**

**Денсаулық сақтауды
жоспарлаудың негізгі
принциптері:**

**- Халық денсаулығын қорғау
мәселелері мен үкіметтің
жоспар тапсырма саясатының
сәйкестігі**

**- Жоспардың негізгі
мақсаттарын ғылым ретінде
дәлелдеу**

- Медицина жүйелерінің даму жоспарын тексеру
- Денсаулық сақтауда құрлыс объектілерінің жоспарын тексеру
- Дәрігерлер мен орташа мед. персоналдарды дайындау жоспарын тексеру

*-Орталық жоспарлау принципі –
ағымды және болашақ
жоспарлардың байланысы*

*- Аймақтың және жүйелік
жоспарлардың үйлесуі*

Жоспарлау әдістері:

- 1. Аналитикалық әдіс*
- 2. Салыстырмалы әдіс*
- 3. Баланс әдісі*
- 4. Нормативтік әдіс*
- 5. Экономикалық-
математикалық әдіс*

Аналитикалық әдіс

*– бұл әдіс жопар мен оның
орындалуын салыстырып,
алғашқы және жету
деңгейлеріне баға беруге
қолданылды.*

Салыстырмалы әдіс

– процесстің даму бағытын анықтайды және бұл әдіс аналитикалық әдістің бөлімі болып саналады. Бұл әдістер әртүрлі көрсеткіштерге баға беруде қолданылады. Мысалы: сырқаттанушылық, өлімділік.

*Баланс әдісі –
бұл әдіс жоспарлар
арасындағы пропорцияны
қамтамасыз етеді*

Нормативтік әдіс – баланс
әдісіне негізделген әртүрлі
жоспарларды дайындауда
қолданылады. Мысалы, халыққа
медициналық жәрдемдердің
нормаларының нормативтарын
т.б. денсаулық сақтауды
жоспарлау көрсеткіштері

Экономикалық- математикалық әдіс

*-- мемлекеттік жоспарлауда
болашақ жоспар басты бөлімі
болып саналады.*

*Әр бір жоспарға арнайы
көрсеткіштер енгізіледі. Бұл
көрсеткіштер келесі бөлімдерге
топтастырылады.*

- 1. Денсаулық сақтау мекемелерінің жүйелерінің дамуы*
- 2. Медицина кадрлары*
- 3. Еңбек жоспар*
- 4. Ақша қаражатын жұмсау жоспары*
- 5. Материалдық-техникалық қамту жоспары*
- 6. Бюджет*

*Денсаулық сақтау мекемелерінің,
жүйелерінің, бөлімдерінің дамуын
сипаттайтын негізгі мәліметтері:*

- 1. Емдеу-сақтандыру жәрдемінің нақты деңгейін сипаттайтын статистикалық мәліметтер 47,36,1 есеп формалары арқылы жиналатын мәліметтер*
- 2. Демографиялық көрсеткіштер*
- 3. Тұрғындарға медициналық амбулаториялық, емханалық және ауруханалық нормативтік жәрдемнің қажеттілігі*
- 4. Денсаулық сақтау мекемелерінің номенклатуралары және типтік категориялары*

Денсаулық сақтаудағы даму
жоспарының барлық
көрсеткіштері **екіге** бөлінеді
“бекітілген”, “есеп
айыратын”

Бекітілгенге— аурухананың төсек саны жатады, ал емханада – 1 дәрігерге 1 кезекте келген аурулар саны жатады

Есеп айыратынға – 1 дәрігер мамандығының қызметін және жалпы жылдық аурулар келу жоспарын есептеу жатады

Дәрігер мамандығы қызметі дегеніміз— дәрігерге жоспарланған аурулардың келу саны

*Медицина кадрлары және олардың
қажеттілігін денсаулық сақтау
Министрлігі шешеді және бекітеді.
Бұл жоспарды жоспарлағанда
денсаулық сақтау Министрлігі
дәрігерлерге жалпы қажеттілік
және жоспарлау кезеңінде бар
маманның саны арасындағы
айырманың табиғи азаюын есепке
алу керек*

Еңбек жоспары – жоспардың ең маңызды бөлімі болып саналады. Бұл жоспар бөлімі еңбек ресурсының қажеттілігін анықтайды. Еңбек жоспарының өлшеуімі болып қызметкерлердің саны, орташа жалақы, жалақы фонды, және еңбек ақы төлеу фонды жатады. Бұл жоспар финанс мүмкіншілігімен өте тығыз байланысты

Ақша қаражатын жұмсау жоспары

– дегеніміз өндірістік және өндірістен тыс фондыларға жұмсалған қаражаттарды және орталық, орталықтан тыс қаражаттар арқылы денсаулық сақтау объектілерінің қаржыландыру көлемін ұлғайту.

Материалдық-техникалық жоспар бөлімі

денсаулық сақтау
жүйесіндегі мекемелердің
материалдық қорының
қажеттілігін жүзеге
асырады.

Денсаулық сақтау – халықшаруашылығы саласы ретінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Финанс шығынының көрсеткіштері:

1. Республика бюджетінің шығын бөліміндегі денсаулық сақтау шығынының үлесі
2. Кісі басына бұл шығындарды өзгерту.
3. Медициналық мекемелердің және денсаулық сақтау шараларының ұстауына ассигнованияның өсуі
4. Медицина кадрларын даярлауына және медицина ғылымының дамуына кететін шығынды анықтау. Денсаулық сақтау қаржыландыруы арнайы бюджет классификациясы бойынша жоспарланады.

Денсаулық сақтау бюджетінің құрастыру тәсілдемесі.

Бюджет дегеніміз – арнайы кезеңде (жылды, квартал, айда) кірістер және шығыс ақша жинағының жазылған тізімі.

Бюджетті құрастыру кезеңдері:

1. Өткен финанс жылының есеп мәліметтерін талдау кезеңі

2. Ағымдағы жылда орындалатын бюджетке баға беру

3. Келесі жылға бюджет проектісін құру

Материалдық көрсеткіштерге – аурулардың тамақтану нормасы , денсаулық сақтау мекемелерін жабдықтау нормасы жатады. Нақтылы және есеп нормасы болады. Есеп нормалары бірнеше жылдың нақтылы шығынына негізделеді және финанс органдарымен келісіп шешіледі.

*сақтау нәтижелілігі үш аспектіден
құралады:*

- ☺ *медициналық*
- ☺ *әлеуметтік*
- ☺ *экономикалық*

*Емдеу сапасы бойынша
медициналық нәтижелілігі
анықталады.*

*Өмірдің ұзақтығы, халық,
денсаулығының жақсаруы,
сырқаттанушылық пен
мезгілсіз қазаның азаюы
көрсеткіштерімен
әлеуметтік нәтижелік
өлшенеді.*

*Халықтар денсаулығының
және мемлекеттің
экономикалық дамуының
арасындағы байланысты
сандық көрсеткіштер арқылы
табуын – экономикалық
нәтижелік дейді.*

*Медициналық жәрдемді
бағалау **үшке** бөлінеді:*

1. Емханадағы емдеу бағасы

*2. Ауруханадағы емдеу
бағасы*

*3. Санаторлық-курорттық
емдеу бағасы*

Халық денсаулығын жақсартуда

**Мүгедектік
төмендейді**

**Мезгілсіз
өлім төмендейді**

**Еңбекке жарамсыздық,
сырқаттанушылықтың
деңгейі төмендейді**

Медицинаның қызмет көрсетуге жіберген шығынының азаюы

- 1. Сырқаттанушылық деңгейінің төмендеуі арқылы шығын төмендейді, бұл жанама экономикалық пайданы көрсетеді*
- 2. Еңбекке жарамсыздық күндерінің және еңбек ресурстарының жоғарлауы тағы да экономикалық пайданы көрсетеді*

Осы екі жанама экономикалық пайдалар экономикалық зарардан сақтап қалады. Сонымен экономикалық нәтижелік тікелей халық денсаулығының жақсаруы және жанама экономикалық пайдадан құралады. Өндірістік өнімнің жоғарлауы мен дертке жіберілген шығынды салыстыру, сандық рентабельдік шығынды көрсетеді.

*Медицина қызметкерлері
моральдық,
құндылықтарды
құрамайды, олар
материалдық,
құндылықты құрайды*

*13 қыркүйекте 2004 ж
№1438 ҚР Президентінің
жарлығы бойынша
2005-2010 жж ҚР
денсаулық сақтау ісін
реформалау мен
дамытудың мемлекеттік
бағдарламасы бекітілді.*

*Бағдарламаның басты мақсаты
болып мемлекет пен адам арасында
денсаулық сақтау үшін
ынтымақтасқан жауапкершілік
принциптеріне, халық денсаулығын
жақсартуға бағытталған бастапқы
медициналық-санитарлық көмекті
басым дамытуға негізделген
медициналық көмек көрсетудің
тиімді жүйесін құру қойылды.*

*Денсаулық сақтау жүйесіне
жұмсалған мемлекеттік шығыстар
көлемі*

| <i>Денсаулық сақтауға жұмсалған шығыстар (млн.тн.)</i> | <i>2001</i> | <i>2002</i> | <i>2003</i> | <i>2004</i> |
|--|-------------|-------------|-------------|--------------|
| | <i>63,9</i> | <i>73,0</i> | <i>92,4</i> | <i>113,7</i> |

Денсаулық сақтау жүйесіне жұмсалған мемлекеттік шығыстар көлемі

